



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2022 жылдың 14 ақпаны

"Биржалық симулятор" конкурсының қорытындысы

2022 жылдың 10 ақпанында KASE 13-ші жыл сайынғы конкурсының – "Биржалық симулятор" жабылу салтанаты өтті.

Жоба аясында KASE білім беру сауда-саттықтары екі кезеңде өтті: біріншісі – 2021 жылдың 01 сәуірінен 31 мамырына дейін, екіншісі – 01 қазан мен 06 қаңтарға дейін. Жобаға Қазақстанның 112 университетінен барлығы 3500-ден астам студент тіркелді.

Байқау қорытындысы бойынша сегіз жоғары оқу орнынан 13 жеңімпаз анықталды: Нархоз университеті (5 адам), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (2 адам), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (1 адам), Қазақ халықаралық қатынастар университеті және Абылайхан атындағы әлем тілдері (1 адам), Инновациялық Еуразия университеті (1 адам), Тұран университеті (1 адам), Қайнар университеті (1 адам), Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (1 адам).

2021 жылдың қорытындысы бойынша "Биржа симуляторы" аясындағы жалпы сауда көлемі 5,1 млрд. теңгеден асты.

Барлығы 5944 мәміле жасалды. Бір адамға шаққандағы максималды сауда көлемі 544 млн теңгені, ал бір қатысушыға шаққандағы транзакциялардың максималды саны 522 болды.

2021 жылы жобаның серіктестері мен демеушілері ретінде жетекші қазақстандық брокерлік компаниялар болды. Жарыстың жалпы жұлде қоры 2,6 миллион теңгені құрады. "Биржалық симулятор" жеңімпаздары брокерлік компаниялардың нақты шоттарына 200 мың теңге алды: "Фридом Финанс" АҚ және First Heartland Jusan Invest АҚ-да - әрқайсысы 5 адамнан, "BCC Invest" АҚ - 2 адам және "Сентрас Секьюритиз" АҚ – 1 адам.

"Биржа симуляторы" жобасын KASE студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыру аясында жүзеге асырып жатыр. Биржа сарапшылары қор нарығы туралы хабардар болу деңгейін арттыру үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарында 30-дан астам дәріс оқыды.

Байқау білім беру сауда жүйесінде сауда-саттық форматында жүзеге асырылады, оның қатысушыларына 1 миллион виртуалды теңге беріледі. Бұл қаражатты пайдалану арқылы табыстылық жағынан ең үлкен инвестициялық портфельді қалыптастыру қажет.

Соңғы бірнеше жылда бұл жоба жастар мен балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін дүниежүзінің 130-дан астам елі қосылған Global Money Week дүниежүзілік жаһандық бағдарламаның бір бөлігі ретінде жүзеге асырылды.

Байқаудың арқасында қатысушылар қор нарығында тәжірибе ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның жетекші қаржы институттарында одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар тағылымдамадан өту мүмкіндігі.

Өз кезегінде серіктес компаниялар үшін бұл аналитикалық дағдылары мен биржалық нарыққа инвестициялау тәжірибесі бар жас қызметкерлерді тартудың бірегей мүмкіндігі.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.